

МАШИНА ЖАСАУ 2021 ж. қаңтар-тамыз



1 357 МЛРД ТГ.



123,9% ФКИ



\$742 МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 93,2%
от 6,8%



НАРЫҚ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. 7 айдағы деректер

\$8 433 МЛН



ИМПОРТ

ӨНІРЛЕР КЕСІНІНДЕ 2021 Ж. ҚАҢТАР-ТАМЫЗДАҒЫ ӨНДІРІС КӨЛЕМІ, МЛРД ТЕҢГЕ



2021 2021 жылғы қаңтар-тамыздағы машина жасау

ҚР машина жасау өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда ақшалай көріністе 2020 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда **34% өсті және 1 357 млрд теңгені құрады**, нақты көріністе де 23,9% өскендігі байқалады.

Басқа санаттарға қосылмаған машиналар мен жабдық өндірісі секторы 1,6 есе немесе 63%, сондай-ақ, компьютерлер, электрондық және оптикалық өнім өндірісі 1,6 есе немесе 66% өсуді көрсетті.

Машина жасау өнімінің ФКИ 2021 жылғы қаңтар-тамызда 2020 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 123,9% құрады.

Автокөлік құралдары өндірісі секторында физикалық көлемнің едәуір өскендігін +34,2% атап өткен жөн.

Көрсеткіштердің өсуіне автомобиль сатып алуға жеңілдікпен несие беру үшін ақшалай транш түрінде мемлекеттік қолдау және халықтың сұранысы нәтижесінде қол жеткізілді, 2021 жылы транш 20 млрд теңгені құрады.

Басқа да көлік құралдары өндірісінің ФКИ (+48,9%). Теміржол локомотивтері мен жылжымалы құрам өндірісі есебінен (179,3%).

Машина және жабдық өндірісінің ФКИ (+39,1%), оң динамика бұған дейін енгізілген кәдеге жарату алымы есебінен және бірқатар құрастыру өндірісін («Агромашхолдинг КЗ» АҚ базасында LOVOL маркалы Қытай тракторлары) іске қосу нәтижесінде сақталып қалды.

Кировец маркалы тракторлар өндіру бойынша жоба енгізілді. Сондай-ақ, қолданыстағы қуаттарда (мысалы, Көкшетау Қазақстан-Беларусь а/ш индустриялық-технологиялық паркі және коммуналдық техника базасында) өндіріс көлемінің өсуі. А/ш және о/ш техникасы өндірісінің ФКИ (228,6%).

Компьютерлер, электрондық және оптикалық өнім өндірісінің ФКИ (+35,5%) компьютерлер мен перифериялық жабдық өндірісі және коммуникациялық жабдық өндірісі есебінен болды. Компьютер техникасы өндірісінің өсуі Петропавл қ. М. Киров атындағы зауытта ноутбуктер мен планшеттер өндірісін іске қосуға байланысты тіркелді.

Электр жабдығы өндірісінің ФКИ (106,3%) трансформаторлар (158%), аккумуляторлар (150,9%), электрмен жабдықтандыру жабдығы (158%) өндірісі есебінен болды.

Резкспорт өнімдерін (телефон, турбореактивті қозғалтқыштар, ұшақтар және т.б.) қоса алғанда, **машина жасау өнімінің экспорты 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 742 млн АҚШ долл. құрап, 34% өсті.**

Өсу отандық өнім экспортының өсуі және резкспорт есебінен болды.

Экспорт құрылымында отандық өндірушілердің негізгі үлесін аккумуляторар (5,3%), теңгергіш т/ж арбалары (6,3%), цилиндр роликті мойынтіректер (3,9%), көлік құралдары (СЭҚТН 870323,870322,870324)

(9,5%), трансформаторлар (1,5%) және т.б. құрайды. Негізгі экспорттаушы елдер: Ресей, Өзбекстан, Қырғызстан.

2021 жылғы қаңтар-шілдеде машина жасау өнімінің импорты 1,5% төмендеді және **8 433 млн АҚШ долл.** құрады.

Шамалы төмендеу мұнай-газ кен орындарында барлау мен жабдық сатып алудың қысқаруына, сондай-ақ, мемлекеттің автомобиль сатып алуға ақшалай транш бөлуді тоқтатуына байланысты болды, бұл, жиынтықтаушы құралдарды сатып алудың төмендеуіне алып келді.

Импорт жеткізулердің өсуі көлік құралдары (870323, 870322, 870324) (1,9 есе), телефон аппараттары (1,3 есе), түсті кескінді басқа да аппаратура (1,8 есе), деректерді өңдеу бойынша цифрлық блоктар (2,7 есе), компьютерлер (1,3 есе) бойынша байқалады.

Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Ресей, Германия.

2021 ж. қаңтар-шілдеде ҚР машина жасау нарығының көлемі 9,1 млрд АҚШ долл. құрады, ОТӨ үлесі 6,8%, импорт өнім үлесі – 93,2% құрайды.

Сала Нұр-Сұлтан қ., Алматы қ., Қостанай, Қарағанды және Ақмола облыстарында жоғары аумақтық шоғырланумен ерекшеленеді.